

Бекітемін;

№29 «Ай-көрім» бабекжасай



А. Самуратова
А. Самуратова



«Ақжелкен» ересек тобы

Тәрбиеші; С.А. Игиликова



Шымкент 2021 ж

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тобы: «Ақ желкен» ересек

Білім саласы: Қатынас, Таным, Шығармашылық.

Білімбөлімі: Сөйлеуді дамыту, Математикалық негіздері, Құрастыру,

Өтілетін күні: 30.04.2021 ж.

Тақырыбы: Менің елім Қазақстан

Мақсаты: Балалардың Отанымыз Қазақстан Республикасы туралы, рәміздер туралы білімдерін кеңейту. Туған жерге деген Отан сүйгіштік сезімдерін ояту, сөздік қорларын дамытып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Сандарды санай отырып есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: Ұ.О.Қ. байланысты суреттер, ту, елтаңба, ән ұран, т.б.

Алдын-ала жұмыстар: Отанымыз Қазақстан Республикасы туралы тақпақтар айтқызу.

Блингвалдық компоненттері: ту – флаг, Менің елім Қазақстан-Моя страна Казакстан, елтаңба-герб, ән ұран-гимн.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбер: Менің елім Қазақстан Бар ғой онда бәрі де, Өзен де бар, көл де бар Орман да бар, тау да бар. Жайнаған сансыз қаласы бар Жайқалған жомарт даласы бар, Менің елім Қазақстан!	Балалар шаттық шеңберін орындайды.
	Тәрбиеші: Ой балалар бүгін бізге қонақ келе жатқан сияқты қане күтіп қарсы алайықшы. Ғажайып сәт: Ресей елінен келген Катя апай Балалар біздің елімізге көршілес елден қонақ келіпті қане барлығымыз қарсы алайық. Елдос Аяжан қане қонағымызға қонақ жайлылығымызды көрсетейік. (дәмнен ауыз тигізу) Қош келдіңіз: (барлық балалар айтады!) Сәлеметсіз бе! Здравствуйте Ресейден келген қонақ Өзін таныстырады.	Балалар мұқият тындайды. Қонаққа қуанады Сәлеметсіз бе! Здравствуйте

Мен Ресей елінен келдім есімім
Катя

-Қазақстанға саяхатқа
келдім, танып білгім келеді.
Тәрбиеші: бізде бүгін «Менің
елім Қазақстан» туралы айтатын
боламыз.

Ән ұранды айту арқылы
бастайық.

Тәрбиеші: Балалар айтыңдаршы
Қазақстан туралы не білесіңдер?

-Ой жарайсыңдар.
Отан туралы кім өлең шумақ біледі?

Такпак айтыу:

Отан деген ата-мекен

Отан деген туған жер

Отан ана, отан үлкен

Қазақстан туған ел.

-Балалар көрдіңдер ме, бұл бір ғана
шумақ өлеңде отан туралы жақсы
сөздер айтылған.

Балалар енді мына Қазақстан
картасына назар аударайықшы!



-Біз қай елде тұрамыз?

-Біздің тұңғыш президентіміз кім?

-Астанамыз қай қала?

-Ал біздің Қазақстан тәуелсіздігіне
қанша жыл болды?

Тәуелсіздігімізге арналған өлең кім
біледі?

Тәуелсіздік мерекесі тойланып.

Жасай берші егемендік киелі,

30-жыл толды міне еліме,

Әсем байтақ қасиетті жеріме.

Мен де озат оқып, білімімен

Қосам деймін үлесімді өзіңе.....

**Қазақстан біздің
туып өскен
жеріміз, отанымыз.**

**Балалар өздерінің
білетін өлең
шумақтарын
айтады.**

-Қазақстан.
-Н.Ә.Назарбаев
-Нұрсұлтан қаласы.
-Тәуелсіздігімізге
30жыл болды.

	Ал балалар Елдос Аяжан олай болса экранға жасырылған ұяшықтар арқылы тапсырмаларды тауып. Келген қонағымыздың көңілін көтерейік; «Ұяшықтар 1,-ден 5ке дейін» сандар орналасқан екен. Ал балалар бұл сандарды рет – ретімен ашып не жасырылған екен ашып көрейік. Тәрбиеші: 1)ұяшықта: Балалар Еліміз ,Отанымыз жайлы мақал – мәтел білесіңдер ме? «Мақал - мәтел» айту. 1) Отансыз адам Ормансыз бұлбұл. Отан оттанда ыстық. 2)Туған жердің күні де ыстық, Түні де ыстық. 3) Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас. 2)ұяшықтан,,,,,,,,, Балалар сендер рәміздерді білесіңдер ме? Қане кім атап береді? Елтаңба, Көк ту, Ән ұран. Кім елтаңбамыз туралы өлең шумақ біледі? Рәміздерім – елдігімнің белгісі. Білу керек баладағы ең кіші, Рәміздерім – Әнұран, Ту, Елтаңба Рәміздерді жатқа білген әр кісі. Елтаңбасы елімнің, Елтаңбасы елімнің Неткен әйбат әдемі Тұнығындай көңілдің Ортада аспан әлемі Құт береке шаңырақ. Орын алған ол төрден Қанатты қос арғымақ Екі жақтан көмкерген... Авторы:Белгілі сәулетшілер;Жандарбек Мәлібеков пен Шот –Аман Уалиханов	Балалар қолдарын көтеріп мақал-мәтелдерді айтады Балалар тапсырманы тыңдайды. -білеміз - Елтаңба, Көк ту, Ән ұран Балалардың білетіндері айтады.
--	---	---

«Көк ту»

Айнымайды аспаннан

Біздің үйдің бояуы

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды...

Тудың авторы: Шәкен Ниязбеков

Балалар бізде қай рәміз айтылмай
қалды?

Әнұран туралы кім айтып береді?

Әнұраны елімнің.

Шақырады бірлікке

Егеменді халқымның

Болашағы бірлікте.

Авторы:

Музыкасын: Шәмші Қалдаяқов

Сөзі: Жүмекен



Нәжмиденов, Нұрсұлтан Назарбаев

3) ұяшықта:

Дидактикалық ойындар:

1. Топ

«Отанымыздың жалауын танып
алда құрастыр»



Текшелерден құрастыру.

1). топ Қыйылған туды құрастыру.

2. топ Қиылған елтаңбаны
құрастыру.



Сергіту сәті:

Тәуелсіз елдің тірегі
(қолдарын жоғары көтереді)
Біз боламыз жүрегі (қолдарын
жүректеріне қояды)
Артқа қадам баспаймыз
Тек алға бастаймыз.
Құран қыстай қалықтап (құс болып
ұшады)
Болашаққа самғаймыз.

**4)ұяшықта. Астанадағы
ғимараттарды таныстырайық: Ак
орда, Бәйтерек, Думан мен Ханшатыр
(ойын-сауық орталықтары) бар.**



5)ұяшықта: Суретіне қарап таны.
(киіз үй, домбыра, асық) қазақтың ою-
өрнектерін ата. Ою- өрнектеріміз
«Қошқар мүйіз» ерекше байлықтың
нышаны, ою –өрнектеріміз
текемет, сырмақ, кілемдерімізде
бейнеленген.
Ал мынау біздің музыкалық
аспабымыз Домбыра.

	Балалар мына киізге ою-өрнегімізді орналастырып жабыстрып көрсетейік. б) ұяшықта шығармашылық Балалар еліміз тек алда болып гүлденсін дей отырып қонақтарымызға көктем гүлдерін жасайық. 1)-топ: Күнделікті ас мәзірімізде қолданатын, қауіпсіз заттардың көмегімен, көктем гүлін жасаймыз. Құрамы: (жұмыртқаның ағы және сарысы, сыр, майенез, шаян таяқшалары, көк жуа) іске сәт. 2)-топ; ал сендер осы көктем гүлдеріне сандар бейнеленген екен осы сандарға қарай отырып, жан – жағында ұшып жүрген «хан қызын» күлтешелерге жылжытып қондырайық.	
Жетекші-жөндеуші	Қорытынды: -Бүгінгі оқу қызметі не туралы болды? Қандай қонақ келді? Рәміздерді атап берші? Балалар енді жүрекшелерімізді алып елімізгі тілегімізді айтайық: -Отанымыз аман тыныш болсын. -Аспанымыз ашық болсын. -Күніміз жарқырап тұрсын, Еліміз Қазақстан көркіе берсін. Балабақшамыз гүлдене берсін !!! -Катя: өзіне ұнаған айтып қуанышын білдірді. Балалар оған сыйға киізді берді. Қонақпен қоштасамыз Сау болыңыздар!	Балалар жауабы тыңдалды. -қонақтармен қоштасты.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Біздің отанымыз туралы қойылған сұрақтарға жауап береді.

Қалыптасқан түсініктер: Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел екенін түсінеді.

Орындаушылық қабілеті: Отан туралы тапқыты жатқа айтады. рәміздерді айта біледі, оқу қызметіне қызығушылық танытады.